

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2010.
2. Әуезов М., Кеңесбаев І. Қазақ лингвистикасының негізін қалаушы // Қазақстан мұғалімі. – 1957, 5 желтоқсан, №50.
3. Сыздықова Р. Ғалым-азамат. – Алматы: Қазақстан, 1966, – 72 б.
4. Мирон М. Қ.Жұбановтың лингвистикалық танымдары (Монография). – Ақтөбе, 2014. – 200 б.

ҒТАМР 16.21.55

Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ СӨЗ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ТАНЫМДАРЫ

Б.С.ҚАРАҒҰЛОВА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,
Қазақстан*

Аннотация. Бұл мақалада Қ.Жұбановтың сөз тарихына, шығу төркініне қатысты еңбектері қарастырылады және оны қазіргі тіл білімі мәселелерімен байланыстыра зерттеледі. Сөз тарихын зерттеудің маңыздылығы баяндалады.

Түйінді сөздер: Қ.Жұбанов, сөз тарихы, сөздің шығу төркіні, қазақ тіл білімі, түркі тілдері.

Аннотация. В данной статье рассматриваются труды К.Жубанова, касающиеся истории слов, происхождения и изучаются в связи с проблемами современного языкознания. Излагается значимость исследования истории слов.

Ключевые слова: К.Жубанов, история слов, этимология слов, языкознания, тюркские языки.

Summary. This article examines the works of K.Zhubanov concerning the history of words, origin and studied in connection with the problems of modern linguistics. The significance of the study of the history of words is stated.

Key words: K.Zhubanov, history of words, etymology of words, linguistics, Turkic languages.

Профессор Қ.Жұбановтың тіл білімінің көптеген бағыттарын зерттеген ғалым екені белгілі. Оның мұралары тіл білімі салаларының қай-қайсысының да негізі болып табылатын теориялық ғылыми еңбектер болып табылады. Ғалымның негізгі терең зерттеулері мен құнды пікірлерінің өміршеңдігі сонда қазіргі тіл біліміне қатысты теориялық мәселелерде сабақтастыра зерттеп отырмыз. Ғалымның көптеген еңбектерінің ішінде тіл тарихы, оның ішінде, сөз тарихы туралы еңбектері де арнайы зерттеуді қажет ететін негізгі мәселелердің бірі. Ол осы бағытта «Мағынасыз сөздердің мағынасы» тақырыбында 1930 жылы Алматы қаласында өткен Қазақстанның бірінші Өлкетану съезінде баяндама жасайды. Алайда ғалымның бұл еңбегі жарыққа шықпай, бірнеше рет жоғалады. Осыған байланысты ғалым мақаланы «Мал шаруашылығына байланысты одағайлар» тақырыбында қайта жазып

шығады. Ғалым бұл мақаласы жөнінде былай деп жазады: «Сиездің қаулысы бойынша жариялауға тиісті болған бұл баяндама мен бастыруға берген жерде Қазақстанды зерттеу Қоғамының қағаздарының арасында жоғалып кетті. Бұл баяндаманы сиездің алдында СССР Ғылым академиясының Яфет институтында оқыған болатынмын. Н.Я.Маррдың оған жазбаша түрде берген пікірі менің Ғылым академиясының кадр комитетіндегі жеке ісінің арасында тігулі тұр» [1, 17]. Аталған мақалада халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланысты көптеген одағай сөздердің пайда болу, шығу төркіндері сөз болады.

Жалпы сөз тарихы – ел тарихы. Тіл – «жанды» құбылыс. Сан ғасырдан бері қазақтың ұлттық тілі дәл бүгінгідей қалпында болмады. Сөздердің актив (белсенді) қабаттары пассив (белсенді емес) қабатқа ауысып, көршілес жатқан халықтардың тілінен кірме сөздер тілімізге енді, кейбір сөздердің мағыналары кеңейіп жатса, кейбір сөздердің қолданыс аясы тарылып жатады. Бұл жөнінде ғалым Р.Сыздықова: «Сөз мағынасының эволюциясы тек дамудан, яғни жақсара түсу сипатында ілгері жылжудан тұрмайды, сонымен қатар сөз мағынасының күңгірттенуі не мүлде ұмтылуы ауысуы, кеңеюі, тарылуы т.т құбылыстар да сөз табиғатының қозғалысын танытады» деп көрсетеді [2, 165]. Тіл өз басынан бірнеше даму кезеңдерін өткізеді және осы кезеңдер тілдің дамуына өзгерістер әкеледі. Сондықтан тіл – қоғамдық құбылыс деп айтсақ болады, яғни қоғамдағы болып жатқан кез келген жаңалық алдымен тілде көрініс табады. Осы жаңалықтар жоғарыда көрсеткендей, тілімізге жаңа атаулардың пайда болуына себін тигізіп жатса, енді бір жаңалықтар тілдегі белсенді сөздердің тілдік қолданыстан шағып қалуына әсерін тигізеді, ендігі бір кезеңде пассив қатардағы сөздер тілімізге қайта оралып жатады. сөз еткенде, халықтардың бір-бірімен араласуына байланысты олардың тілдерінде де өзгерістер болып жататындығын айтады. Шыныменен де, дүние жүзінде томаға тұйық өмір сүретін халық жоқ. Елдер арасындағы экономимикалық, саяси, тарихи, мәдени байланыстар халық тіліне әсер етпей қоймайды. Осы сияқты қарым-қатынастар нәтижесі тілдер арасындағы арасында ауыс-түйістердің болуына әкеледі. Бұл мәселеге қатысты Қ.Жұбанов: «Дүниедегі халықтардың барлығы да құранды болғандықтан тілі де құранды болмақ» [1] – деп, тілді меңгеру үшін тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгеріске ұшырағандығын, олардың пайда болу, даму жолдарын, яғни тіл тарихын білу керек дегенді айтады.

Тіліміздегі кірме сөздер жоғарыда айтқанымыздай, әртүрлі қоғамдық жағдайларға байланысты енген. Ғалым жоғарыда айтылған тіл тарихы туралы пікірді негізге ала отырып, қазақ тіліндегі көптеген сөздердің пайда болу, шығу төркінін анықтайды. Ғалымның бұл пікірлері тарихи лексикология мәселесінің негізі болып табылады. Осы жолда ол *палеонтология* тәсілін, яғни бөлшегіне қарай бүтінін табу тәсілін ұсынады. Ғалым тілімізде

төл сөз ретінде қолданылып жүрген көптеген сөздердің шығу төркінін аталған тәсіл арқылы анықтайды. Осындай сөздердің бірі – тіліміздегі мал шаруашылығына, оның ішінде, түйеге байланысты **сорап** сөзі. Оның айтуы бойынша, аталған сөз **сор** және **ап** деген екі элементтен тұрады: алдыңғы *сор* етістік мағынасында, ал *-ап* парсының су мағынасын білдіретін *аб* сөзі болу керек дейді. Қарап отырсақ, аталған сөз сөздердің бірігуі арқылы (төл сөз – *сор* – етістік, *аб*- кірме сөз) жасалып, толық қимыл атауын білдіріп тұр [1, 127]. Осы бағытта мал шаруашылығына қатысты одағайлардың шығу төркініне байланысты түркі тілдері деректерін тарихи салыстырмалы тұрғыдан зерттеп, қызықты да құнды ойлар айтады. Мысалы, қойға байланысты айтылатын «**құрай**» одағайының шығу төркінін былай талдайды: «*Құрай* одағайы екі түбірден біріккен: *Құра+ай*. Соңғы **ай** шақыру қосымшасы. Түбірдегі *құра* монғолша, қозы деген сөз. Монғолдың *құрақан* сөзі де осы *құрамен* байланысты, түбірлес. Соңғы *қан/ған* кішірейту: *ботақан, бұзауқан*. Сонда *құра-ай* дегендегі *құра* – қой мағынасында, *ай* – шақыру одағайы – *әй!*; Алғашқыда *қой-ай!* деген қаратпа сөз болған» [1, 127].

Жұбановтың пікірінше, шаруашылық одағайлары бұрын белгілі бір малдың атауы болған. Мысалы, тіліміздегі қошқар екі мүшелі сөз: «Қозыны еркелеткенде *қошақан* дейміз. *Қош-а-қан*. Соңғы **-қан** бұзауқан, ботақан, балақан дегендегі кішірейту қосымшасы. Бірқатар елдерде қошқарды *қоша, құша* деп атайды. Бұрын қой, қошқар, қозы деп бөлектеу болмаған». Сонымен бірге қойға байланысты *шәйт, қош*, суарғанда *құрай-құрай* деп айтылады. Осындағы қош қойдың атауы болып табылады. Бұны көптеген түркі тілдеріндегі қой мағынасын білдіретін қош лексемасы дәлелдей түседі.

Аталған тәсіл арқылы тіліміздегі **көбеген** атауына талдау жасауға болады. Осы *көбеген* лексемасындағы *көбе* сөзі ерте туған қозы немесе басқа мал атауына байланысты қолданылады, ал *-ген* кішірейту мағынасын білдіретін қосымша.

Қазіргі тіл білімінде сөздің этимологиясын анықтауда төмендегідей негізгі принциптері бар:

- Генеологиялық принцип. Бұл принцип сөздің шығу тегін айқындауда тілдердің генеологиялық классификациясына, яғни тілдердің шығу тегінің бірлігіне қарай топтастырылуына, негізделуді талап етеді. Белгілі бір тілдегі төл сөздердің этимологиялық байланысын айқындау үшін, оларды сол тілмен туыстас, бір негіз тілден тараған тілдердегі сөздермен салыстыру қажет

- Фонетикалық принцип. Бұл принцип сөздердің шығу тегін айқындауда фонетикалық заңдарға сүйенуді, туыстас тілдердегі дыбыстардың өзара сәйкестілік заңдылығын арқау етуді талап етеді. Мысалы, ұйғыр, тува, әзірбайжан т.б. түркі тілдердегі сөз аяғындағы (ғ)

дыбысына қазақ тілінде (у) дыбысы сәйкес келеді: ұйғырша – тағ, тувайша, әзірбайжанша-дағ, қазақша – тау.

- Морфологиялық принцип. Тілдің тарихи даму барысында сөздің морфологиялық құрылымы, оның құрамындағы морфемалардың бастапқы арақатысы, жігі өзгеруі мүмкін. Морфологиялық принцип сөздің этимологиясын айқындауда оның құрамындағы мұндай морфологиялық өзгерісті есепке алуды талап етеді. Байқап отырғанымыздай, жоғарыда көрсетіліп отырған сөздің шығу төркін анықтауға қатысты принциптер шарттары да палентология тәсілінің шартымен сабақтасады.

Ғалым сонымен бірге тіліміздегі одағайлардан басқа кейбір қос сөздердің мағынасыз сыңарлары туралы басқа тілдердің тілдік деректерін келтіре отырып, талдаулар жасайды. Мысалы, қазіргі тілімізде қолданыста жүрген *бала-шаға* қос сөзі бір сыңары мағынасыз сөздердің қатарында жүрсе, ғалымның айтуы бойынша, **шаға** сөзі басқа тілдерде (түрікпен, монғол) «бала» мағынасын білдіреді, *бала – кішкене, үлкен емес* деген мағынада. Сонда түркі тектес тілдердегі бір мағынаны білдіретін сөздер, қосарланып көптік мағынада жұмсалып тұр. Осы негізде қазақ тіліндегі *қатшық, үйшік* деген сөздердегі кішкене мағынасын білдіретін қосымша (шық, шік) өзгеріске ұшырып, пайда болған.

Жалпы ғалымның мұраларының ішінде сөз тарихына қатысты еңбектері аз зерттелген. Сондықтан осы бағыттағы еңбектерін зерттеу, жарыққа шығару – қазіргі таңдағы негізгі де, өзекті мәселелердің қатырында. Аталған бағытты зерттеу арқылы тек ғалым еңбектерінің сырын ашып қана қоймаймыз, сонымен бірге халқымыздың тарихы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті туралы ақпарат аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қ.Жұбанов Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, Ғылым, 1999. -581 б.
2. Р.Сыздық Сөздер сөйлейді. – Алматы, Санат, 1994 -190б.
3. Қарағұлова Б.С. Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің этнолингвистикалық сипаты. – Ақтөбе, 2019